

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 қарашадағы N 1500

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жүйелері үшін Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті студенттерінің қатарынан запастағы офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде запастағы офицерлерді даярлау үшін оқу орнының шығыстары мен штаттық санының шегінде әскери кафедра құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп: әскери кафедраның құрылымы мен штаттық санын әзірлесін және бекітсін; әскери даярлықтың бейінін ескере отырып оқу жоспарларын, бағдарламаларын дайындасын және бекітсін.

3. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің ректоры Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп "Әскери кафедралар туралы ережеге" сәйкес оның оқу-материалдық базасын дайындасын.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі: әскери кафедраны командалық-оқытушылық құраммен және оқыту-көмекші қызметкерлермен жасақтасын; әскери кафедраны әскери даярлықтың бейіні мен оқу жоспарларына сәйкес әскери мүлікпен қамтамасыз етсін.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі